

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі Аэроғарыш комитетінің 2019 жылғы №16/НҚ бұйрығымен
бекітілген «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ
Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар**

1. 1-тармақта «Қазақстан Республикасының заңнамасымен,» сөзі алынып тасталсын.

2. 3-тармақта «шешімдер» сөзін қосып, «... жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда» деген редакцияда жазылсын.

3. 8-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«Корпоративтік хатшы – «РҒБО» АҚ Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының мүшесі болып табылмайтын, «РҒБО» АҚ Директорлар кеңесі тағайындаған және «РҒБО» АҚ Директорлар кеңесіне есеп беретін «РҒБО» АҚ қызметкері, сондай-ақ, өз қызметі шеңберінде «РҒБО» АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауды және өткізуді бақылайды, күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар мен «РҒБО» АҚ Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізуді қамтамасыз етуді бақылауды жүргізеді. **Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі корпоративтік хатшы туралы Ережемен және «РҒБО» АҚ ішкі құжаттарымен айқындалады.**

10-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«10. Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, оның мүшелерін сайлауды және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындауды Жалғыз акционер айқындайды. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрауы тиіс. «РҒБО» АҚ Директорлар Кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Сонымен қатар, тәуелсіз директорлардың саны қабылданған шешімдердің тәуелсіздігін және **Жалғыз акционерге әділ қарауды қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс. «РҒБО» АҚ Директорлар Кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызын құрайды».**

4. 11-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«11. «РҒБО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлауға жол беріледі.»

5. 13-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«13. Бір адамға «РҒБО» АҚ Директорлар кеңесіне тоғыз жылдан астам қатарынан **сайланбау ұсынылады**. Ерекше жағдайларда 9 (тоғыз) жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте мұндай адамды «РҒБО» АҚ Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын немесе «РҒБО» АҚ Жалғыз акционері айқындаған өзге мерзімде Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау **қажеттілігі** және осы фактордың шешімдер қабылдаудың тәуелсіздігіне әсері **егжей-тегжейлі** түсіндіріле отырып жүргізіледі. **Ешқандай тұлға өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды**».

6. 15-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«15. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады. Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) «РҒБО» АҚ Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функциялардың орындалуын өзге тұлғаларға беруге құқылы емес

Директорлар кеңесінің мүшелері келесі тұлғалар қатарынан сайланады:

- 1) акционерлер - **жеке тұлғалар**;
- 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсынылған) адамдар;
- 3) «РҒБО» АҚ акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсынылмаған) **жеке тұлғалар**».

7. 16-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«16. «РҒБО» АҚ Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесінде сайлануы мүмкін, бірақ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлануы мүмкін емес. «РҒБО» АҚ-ның **Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды**».

8. 18-тармақтың екінші абзацы мынадай сөйлеммен толықтырылсын: «Егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе».

9. 19-тармақ алынып тасталсын.

10. 21-тармақта «ашық» деген сөз «күпия» деген сөзбен ауыстырылсын және «егер «РҒБО» АҚ Жарғысында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесі кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы» деген сөйлеммен толықтырылсын.

11. 23-тармақ алынып тасталсын.

12. 25-тармақтың 3) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«3) бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, **акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның**

бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған. **Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.».**

13. 26-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«26. Тәуелсіз директор ретінде келесі тұлға сайланады:

1) «РҒБО» АҚ-ның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайды және ол Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде («РҒБО» АҚ-да тәуелсіз директор лауазымында болған жағдайды қоспағанда) болмады;

2) «РҒБО» АҚ-ның аффилиирленген тұлғасына қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмайды;

3) «РҒБО» АҚ-ның лауазымды тұлғаларымен - «РҒБО» АҚ-ның аффилиирленген тұлғаларымен бағыныстылықпен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты болмады;

4) мемлекеттік қызметші болып табылмайды;

5) «РҒБО» АҚ аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде аудитке қатыспайды және оның Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған;

6) Жалғыз акционердің өкілі болып табылмайды және ол Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде болмады.»

14. 28-тармақтың 3) және 5) тармақшалары келесі редакцияда мазмұндалсын:

«28. ...

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік **жүйелерінің** тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

...

1) егер «РҒБО» АҚ ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, «РҒБО» АҚ қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, соның ішінде «РҒБО» АҚ жұмысын тоқтатқан сәттен бастап үш жыл ішінде сақтауға міндетті;».

15. 29-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесінің жоғалуы мүмкін екендігін бақылайды және мұндай жағдайлар болған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасын алдын ала хабардар етеді. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты дереу Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.».

16. 30-тармақтың 4-тармақшасындағы «оның ішінде ішкі аудит қызметінің аудиторымен» деген сөздер алып тасталсын және мынадай редакцияда жазылсын:

«РҒБО» АҚ атынан «РҒБО» АҚ Басқарма Төрағасымен еңбек шартына қол қояды.

17. 31-тармақта «отырысқа қатысатын оның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданатын» деген сөйлем алынып тасталсын.

18. 32-тармақтағы «не талап бойынша» деген сөздерден кейін «(бұдан әрі – шақыру бастамашылары)» деген сөздермен толықтырылсын, Сондай-ақ 32-тармақтың 4-тармақшасындағы «(бұдан әрі - шақыру бастамашылары)» деген сөздер алып тасталсын.

19. 33-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«33. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.»

20. 36-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«36. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе «РҒБО» АҚ Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс. Аталған адамдардың шешімі бойынша бұл мерзім жеті күнтізбелік күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса бере отырып Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар Директорлар Кеңесінің мүшелеріне **отырыс өткізілетін күнге дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс**

...».

21. 41-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«41. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.»

22. 52-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«52. Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар, егер Жарғыда өзге мерзімдер белгіленбесе, алдын ала – кемінде 10 күнтізбелік күн бұрын, ал неғұрлым маңызды мәселелер бойынша – кемінде 15 жұмыс күні бұрын жіберіледі. Маңызды мәселелердің тізбесі, оның ішінде Даму жоспары, «РҒБО» АҚ Төрағасы мен Басқарма мүшелері үшін ҚНҚ, жылдық есепті қамтиды.

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне материалдар мерзімдерін бұза отырып ұсынылған мәселелер енгізілмейді. Мерзімдері бұзылған мәселелер күн тәртібіне енгізілген жағдайда, Директорлар Кеңесінің төрағасына осы қажеттіліктің толық негіздемесі ұсынылады

23. 53-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«53. Директорлар Кеңесінің отырыстары қаралатын мәселелердің тізбесін және отырыстарды өткізу кестесін қамтитын күнтізбелік жыл

басталғанға дейін Директорлар кеңесі бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу дауыс берудің күндізгі немесе сырттай форма арқылы жүзеге асырылады.

Стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау дауыс берудің күндізгі формасы Директорлар кеңесінің отырыстарында ғана жүзеге асырылады.».

24. 64-тармақтағы «бюллетеньдерге» деген сөз «бюллетеньдерге» деген сөзбен ауыстырылсын.

25. 66-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«66. Директорлар Кеңесінің отырысында (күндізгі, аралас, сырттай) қабылданған оның шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны отырысқа төрағалық еткен адам және корпоративтік хатшы отырыс өткізілген күннен бастап **жеті** күнтізбелік күн ішінде жасауы және қол қоюы тиіс және мыналарды қамтиды:

1) «РҒБО» АҚ Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;

3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

4) отырыстың күн тәртібі;

5) **Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып**, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

б) қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер

26. 69-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«69. **Директорлар кеңесінің** төрағасы Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешіміне оны алған сәттен бастап үш күнтізбелік күн ішінде қол қоюға міндетті.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге тиіс және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен Корпоративтік хатшы қол қояды.».

27. 74-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«74. Директорлар кеңесі «РҒБО» АҚ Басқармасының қызметіне бақылауды жүзеге асырады. **Бақылау Басқарманың Директорлар кеңесіне тұрақты есеп беруі және Басқарманың іс-шаралардың орта мерзімді жоспарларын орындау және қол жеткізілген нәтижелер мәселелері бойынша тоқсанына кемінде бір рет тыңдауы арқылы жүзеге асырылады.».**

28. 78-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«78. Неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін «РҒБО» АҚ-да Директорлар кеңесінің комитеттері

құрылуы тиіс, олардың құзыретіне аудит, стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару, кадрлар мен сыйақылар жөніндегі мәселелерді, сондай-ақ «РҒБО» АҚ-ның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелерді қарау кіреді.

Инвестициялық шешімдер қабылдаудың тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің бірінің құзыретіне ұйымның инвестициялық қызметіне байланысты мәселелер енгізіледі, оларды қарау Директорлар кеңесінің құзыретіне кіреді.

Комитеттердегі сандық құрам кемінде 3 (үш) адамды құрайды.

Комитеттер Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады. Комитеттер қарайтын мәселелер бойынша түпкілікті шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

29. Келесі редакциядағы 78-1-тармақпен толықтырылсын:

«78-1. Директорлар кеңесінің жекелеген комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы Ереженің 78-тармағында санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.»

30. Келесі редакциядағы 78-2-тармақпен толықтырылсын:

«78-2. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды.»

31. 79-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«79. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына осы Ереженің 78-тармағында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады

«РҒБО» АҚ Басқарма төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Ішкі аудит мәселелері жөніндегі Комитет тек Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұруы тиіс.»

32. 80-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«80. Директорлар кеңесі комитеттер құру туралы шешім қабылдайды, комитеттердің құрамын, мерзімдері мен өкілеттіктерін айқындайды.

Комитеттерді қалыптастыру тәртібінің, құзыретінің, жұмысының қосымша шарттары, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері комитеттер құрылған жағдайда Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттармен айқындалады.

Директорлар кеңесі жыл ішінде кез келген уақытта комитеттерден ағымдағы қызмет туралы есепті Директорлар Кеңесі белгілеген мерзімде ұсынуды талап етуге құқылы».

33. 82-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«82. Қазақстан Республикасының заңнамасында, «РҒБО» АҚ Жарғысында, ішкі құжаттарында, «РҒБО» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне белгіленген тәртіппен олардың өз міндеттерін атқаруы кезеңінде жалғыз акционердің шешімі бойынша «РҒБО» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты сыйақы төленуі және (немесе) шығыстары өтелуі мүмкін

Жалғыз акционердің өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелері, «РҒБО» АҚ Басқарма Төрағасы және мемлекеттік қызметшілер «РҒБО» АҚ Директорлар кеңесінің жұмысына қатысқаны үшін сыйақы алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақының мынадай түрлері белгіленуі мүмкін:

- 5) Директорлар Кеңесіне мүшелік үшін тіркелген жылдық сыйақы;
- 6) Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы ретінде Директорлар кеңесінің комитетіне қатысқаны үшін бекітілген жылдық сыйақы;
- 7) Директорлар кеңесі комитетінің мүшесі ретінде Директорлар кеңесінің комитетіне қатысқаны үшін бекітілген жылдық сыйақы.

Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде осы тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан «РҒБО» АҚ үшін күтілетін оң нәтиже, Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, «РҒБО» АҚ қызметінің ауқымы, даму жоспарында айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Директорлар кеңесі қарайтын мәселелердің күрделілігі, осыған ұқсас жеке сектор компанияларындағы сыйақы деңгейі (бенчмаркинг, сыйақыларға шолу) назарға алынады.

Сыйақы мен шығыстардың өтемақысын төлеу шарттары мен мөлшері, егер Жалғыз акционердің шешімінде өзгеше белгіленбесе немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмесе, Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоятын тәуелсіз директормен тиісті келісімде көрсетіледі.»